

## **Ямбург келісімдері бойынша Венгр Республикасы мен Чех Республикасы алдындағы Қазақстан Республикасының міндеттемелерін реттеу мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 қазан N 1517

Ямбург газ кен орнын игеру және Ямбург-КСРО-ның батыс шекарасы магистральдық газ құбырларының, сондай-ақ Теңіз және Қарашығанақ кен орындары объектілерінің құрылысын салудағы ынтымақтастық туралы Ямбург келісімдері бойынша Венгр Республикасы мен Чех Республикасы алдындағы Қазақстан Республикасының міндеттемелерін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен 2000 жылғы 31 қазанға дейінгі мерзімде:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп Ямбург келісімдері бойынша міндеттемелердің мәртебесін;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп Ямбург келісімдері бойынша міндеттемелердің мөлшерін айқындасын.

2. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қ а з а қ о й л " Ұ М К ) :

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Энергетика, индустрия және сауда министрлігі айқындаған мөлшерде міндеттемелерді реттеу тетігін әзірлеу үшін Венгр Республикасы мен Чех Республикасының уәкілетті өкілдерімен қажетті келіссөздер жүргізсін;

Ямбург келісімдері бойынша міндеттемелерді реттеу жөніндегі тетік шеңберінде Венгр Республикасы мен Чех Республикасына беру үшін қажетті табиғи газды іріктеудің шарттары мен мерзімдері мәнінде Теңіз жобасы бойынша әріптестермен және Қарашығанақ жобасы бойынша мердігермен келіссөздер жүргізсін; келіссөздер аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне

Ямбург келісімдерінен туындайтын міндеттемелерді реттеу тетігі жөнінде ұсыныс енгізсін.

3. "Ямбург" келісімі бойынша Венгр Республикасы мен Чех Республикасы алдындағы Қазақстан Республикасының міндеттемелерін реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жедел жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2000 жылғы 9 маусымдағы N 88-ө өкімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.  
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК